



Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 446 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев
Қазақстан Республикасы Президентінің
2017 жылғы 14 наурыздағы
№ 446 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуір № 378 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 20, 218-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережесінің 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй."

2. "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамында:

мына:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі";

мына:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі,
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі";
"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары" деген
жол алып тасталсын.

3. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 32, 421-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамына:

Әбдірахманов

Қайрат Құдайбергенұлы

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

енгізілсін;

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан: Е.Ә. Ыдырысов, Б.А. Майлыбаев шығарылсын.

5. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 92-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының екі орынбасары," деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары," деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан Н.Н. Малярчук шығарылсын.

7. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 11, 125-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына:

Әбдірахманов

Қайрат Құдайбергенұлы

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотының Азаматтық және

Әбдіқадыров Еліс Нұрқасымұлы	-	әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасының төрағасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасындағы " Дағдарыс орталықтары одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрайымы (келісім бойынша), жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі "Аймақ" қоғамдық қорының директоры (келісім бойынша)
Байсақова Зүлфия Мұхамедбекқызы	-	
Соловьева Айгүл Сағадибекқызы	-	

енгізілсін;

мына:

"Дүйсенова Тамара Босымбекқызы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі"
-----------------------------------	---	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Дүйсенова Тамара Босымбекқызы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі";
-----------------------------------	---	---

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан: Е.Ә. Ыдырысов, Ж.Ж. Құсманғалиева, А.Ж. Рахметулин шығарылсын.

9. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 421-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереженің 8-тармағында және Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі," деген сөздер "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі," деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі," деген сөздер алып тасталсын.

10. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

11. Күші жойылды - ҚР Президентінің 20.10.2017 № 568 Жарлығымен.

12. "Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 36-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі" деген жолдың алдында мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі";

мына:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі - төрағаның орынбасары,

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры - Комиссия хатшысы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі - төрағаның орынбасары,

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры - Комиссия хатшысы";

13. Күші жойылды - ҚР Президентінің 18.09.2019 № 163 Жарлығымен.

14. ҚБПҮ.

15. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Мемлекеттік рәміздер және ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі," деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі,

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі";

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төраға орынбасары" деген жол алып тасталсын.

16. "Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Ұлттық" мәртебе берудің қағидасы мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 76 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 442-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Ұлттық" мәртебе берудің қағидасы мен шарттарында:

2-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мәдениет саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен берілген "Академиялық" мәртебесі бар;"

17. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мұнай-газ кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 285 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 36, 477-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мұнай-газ кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі".

18. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.03.2025 № 805 Жарлығымен.

19. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 наурыздағы № 767 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 15, 124-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітіліген "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасы" мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

25-тармақтың 8) және 11) тармақшаларында тиісінше "атқарушы директорды," және "атқарушы директордың," деген сөздер алып тасталсын.

20. "Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы және әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 2, 6-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі";

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі -
Басшысының орынбасары

төрағаның бірінші орынбасары"

деген жол алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

деген жол алып тасталсын.

21. "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығына ("Егемен Қазақстан" 2015 жылғы 26 желтоқсан, № 247 (28725):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты туралы ереженің 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аппараттың заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, 1В-кіреберіс."

22. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

1-тарауда. Мемлекеттік саяси лауазымдар:

мына:

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасының директоры, атқарушы директоры, директорының орынбасарлары" деген жолда " атқарушы директоры," деген сөздер алып тасталсын.

23. Күші жойылды – ҚР Президентінің 16.08.2017 № 532 Жарлығымен.

24. Күші жойылды - ҚР Президентінің 09.02.2018 № 632 Жарлығымен.

25. "Мемлекеттік саяси қызметшілердің жұмысын бағалауды жүргізетін уәкілетті адамдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 295 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 39, 230-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілердің жұмысын бағалауды жүргізетін уәкілетті адамдардың тізбесінде:

мына:

"Қазақстан Республикасы
Президентінің Архиві
директорының орынбасарлары
Қазақстан Республикасы Тұңғыш
Президентінің Музейі
директорының орынбасарлары -
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті - Елбасы
кітапханасының атқарушы
директоры, директорының
орынбасарлары

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің
Басшысы"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Президентінің Архиві
директорының орынбасарлары
Қазақстан Республикасы Тұңғыш
Президентінің Музейі
директорының орынбасарлары

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің
Басшысы".

26. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі № 4071 өкіміне:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына енгізілсін:

Әбдірахманов
Қайрат Құдайбергенұлы
Сүлейменов
Тимур Мұратұлы

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі,

Тұяқбаев
Сапарбек Құрақбайұлы

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінің Инвестициялар
комитетінің төрағасы;

жоғарыда аталған Кеңестің құрамынан: Қ.У. Бишімбаев, Л.Ж. Жұмағалиева, Е.Ә. Ыдырысов, И.Н. Тасмағамбетов шығарылсын.

27. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы № 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 44-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына енгізілсін:

Мұқашев
Рахмет Желдібайұлы

"Қазақстанның заңгерлер одағы"
Республикалық бірлестігінің
төрағасы" (келісім бойынша).

28. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.04.2021 № 544 Жарлығымен.

29. "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне ("Егемен Қазақстан" 2013 жылғы 10 желтоқсан № 271 (28210):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссияның лауазымдық құрамында:

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның хатшысы, Комиссия хатшысы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі";

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі"
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі";

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі" деген жол алып
тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ